

«Арқалық қаласы білім бөлімінің Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Отбасылық әңгімелесу



Үйірме жетекшісі: Мәлік Бақыт Амангелдіқызы

Арқалық қаласы



«Келісемін»

Директордың тәрбие – ісі
жөніндегі орынбасары: Опабекова А.Р

**Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы
"Отбасылық әңгімелесу" үйірмесінің жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары**

№	Іс-шаралар	Өткізілу түрі	Сағат саны	Өтетін күні
1	«Отбасы клуб» жұмысы мақсаты, міндеті, қандай жұмыстар жүргізіледі таныстыру.	Дөңгелек үстел	2	04.09.2023
2	«Бақытты отбасы» коллаж жасау	фотоколлаж сайысы	2	08.09.2023
3	«Бала тәрбиесі»	Баяндама оқу	2	11.09.2023
4	«Толағай» отбасылық спорттық сайыс	фото	2	15.09.2023
5	«Менің отбасым»	суреттер көрмесі	2	18.09.2023
6	Ата-аналардың педагогикалық және психологиялық мәдениетін арттыру;	баяндама	2	22.09.2023
7	«Отбасы шағын мемлекет»	эссе	2	25.09.2023
8	"Тәрбие мектебі - отбасы "	пікірталас	2	29.09.2023
9	Отбасындағы өзара түсіністік	Әңгіме өткізу	2	02.10.2023
10	Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас	тренинг	2	06.10.2023
11	"Менің отбасым "	Сурет байқауы	2	09.10.2023
12	"Берекелі отбасы"	әңгіме сабақ	2	13.10.2023
13	"Отбасы - адамгершіліктің алтын қазынасы"	кездесу сағаты	2	16.10.2023
14	"Бақытты жанұя - бақытты ел"	дөңгелек үстел	2	20.10.2023
15	Мектеп пен отбасы ынтамақтастығы	пікірталас, әңгімелеу	2	23.10.2023
16	Менің отбасым	эссе	2	27.10.2023
17	«Барлық отбасымен көңіл көтереміз»	фота	2	06.11.2023
18	Отбасы туралы	мақал-мәтелдер жарысы	2	10.11.2023
19	Сіздің өміріңіздегі ең бақытты оқиға	кездесу сағаты	2	13.11.2023
20	Отбасы құқығы	үнпарақ дайындау	2	17.11.2023
21	«Менің әкем – ең...» эстафетасы: Әкелерді балалар тәрбиесіне тарту;	эстафета	2	20.11.2023
22	Суреттер байқауы	Сурет салу	2	24.11.2023
23	"Менің отбасым"	фотосуреттер жасау	2	27.11.2023
24	"Мен отбасыммен мақтанамын"	презентация сайысы	2	01.12.2023
25	«Ана –жылу мен отбасы ұйтқысы»	дөңгелек үстел	2	04.12.2023
26	Мен өз отбасымды жақсы көремін	әңгіме	2	08.12.2023
27	Коммуникативті сөйлеу қабілетін дамыту	Жаттығу	2	11.12.2023
28	Берілген проблемамен байланысты жағымды эмоциялар мен сезімдерді дамыту		2	15.12.2023
29	«Адамдар арасындағы қарым- қатынас ережелері» Балалар қарым-қатынас ережелерін сақтауға келіседіме?	пікірталас	2	18.12.2023

30	«Менің отбасым»	суреттер көрмесі	2	22.12.2023
31	Отбасы клубының жұмысының жарты жылдық есебі	Есеп беру	2	25.12.2023
32	«Мен тұратын үй»	Сурет салу	2	11.01.2024
33	«Бала тәрбиесіндегі отбасы мен мектептің өзара қарым-қатынасы»	дөңгелек үстел	2	08.01.2024
34	«Біздің отбасының мерекелік дәстүрлі ас мәзірі» мектепшілік кезеңі	видеоролик жолдау	2	12.01.2024
35	«Біздің отбасының мерекелік дәстүрлі ас мәзірі» қалалық кезең	видеоролик жолдау	2	15.01.2024
36	"Спорт денсаулық кепілі"	сайыс	2	19.01.2024
37	"Отбасы" туралы ұғым түсінігі	пікіралмасу	2	22.01.2024
38	Менің хобийім	жарнамалау	2	01.02.2024
39	Ас адамның арқауы	дебат	2	03.02.2024
40	Үлкенге құрмет, кішіге ізет	Фота бәйге	2	09.02.2024
41	Мен үлгі тұтар тұлға	эссе	2	12.02.2024
42	"Менің отбасым"	видеоролик	2	16.02.2024
43	«Менің бір күнім»	Слайд жасау	2	19.02.2024
44	Ең қызықты сәт	Видео, фота	2	23.02.2024
45	Мен қалаған мамандық	эссе	2	26.02.2024
46	" Алғыс айтам "	Құтықтаулар мен видеролик	2	01.03.2024
47	" Ана өмір шырағы"	Ең үздік құтықтаулар (тик ток)	2	04.03.2024
48	Отбасы құқығы	үнпарақ дайындау	2	07.03.2024
49	"Отбасы құндылықтары"	(фотоколлаж сайысы)	2	11.03.2024
50	«Шежіре күні»	Шежіре тарату	2	15.03.2024
51	"Отасы- бақыт меңені»	Поэтер корғау	2	18.03.2024
52	"Отбасы -шағын мемлекет "	эссе	2	20.03.2024
53	«Таза аула»	Эстафета	2	01.04.2024
54	Отбасылық демалыс	Сайд жасау	2	05.04.2024
55	Бакытты отбасы	Сурет салу	2	08.04.2024
56	Отан-отбасынан басталады	пікірсайыс	2	12.04.2024
57	Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тән пішер	видеоролик	2	15.04.2024
58	Спорт –денсаулық кепілі	эстафета	2	19.04.2024
59	Ұланымыз ұлы елдің	эссе	2	22.04.2024
60	Толағай	сайыс	2	26.04.2024
61	"Ұрпақ тәрбиесі қателікті кешірмейді"	Дөңгелек үстел	2	29.04.2024
62	Бір тал кессең, он тал ек.	эстафета	2	03.05.2024
63	Сен өмір қауіпсіздігін білесің бе?	баяндама	2	06.05.2024
64	Менің жазғы демалысым	коллаж	2	10.05.2024
65	Мен бір жасқа есейдім	эссе	2	13.05.2024
66	Қорытынды (бір жылдық есебі)	марапаттау	2	20.05.2024

**Б.Майлин атындағы №3 жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы
"Отбасылық әңгімелесу" үйірмесіне қатысатын оқушылар тізімі**

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы
1	Жабаева Сабина	8 «А»
2	Амангелді Арсен	8 «А»
3	Қали Шерхан	7 «Б»
4	Мұхамедрахмұлы Алижан	7 «Б»
5	Мырзаберген Нұрай	7 «Б»
6	Әнуар Назым	7 «Б»
7	Мұхтар Әдемі	6 «Б»
8	Жалғасбай Сабина	6 «Б»
9	Жұбаныш Рахман	6 «А»
10	Абзалқызы Назым	5 «Б»
11	Көшербай Әлішер	5 «А»
12	Маратқызы Ақкенже	5 «А»
13	Нұрмұханбет Нұржігіт	8 «А»
14	Құлажанова Назым	8 «А»
15	Оразбаева Нұрсая	7 «Б»

Клуб жетекшісі: Мәлік Бақыт Амангелдіқызы

**Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебінің «Отбасылық әңгімелесу»
клубының өткізілген іс-шаралар бойынша қорытынды есебі**

Отбасы адам баласының алтын діңгегі мен өмірі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәттен бастап, осында ер жетіп отбасының тәлім – тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы барлығымыздың аса қажетті әрі қасиетті алтын мектебі болып саналады. Отбасының бізге деген ұрпағына деген ықпалы мен әсері басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Өйткені ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алмайды. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген қазақ әдебиетінде нақыл сөз бар. Ол сөз отбасы тәрбиенің бастауын айқындап тұр. Отбасы мүшелерінің жас шамасы әр түрлі болса да олардың арасында да, бір-бірімен рухани жақындығы мақсат ынтымақтастығы бар. Отбасы адамға бақыт, толық мәнді тыныс тіршілік әкеледі. Отбасы берекелі тату болу үшін сыйластық мейірімділік, сүйіспеншілік, татулық, бауырмалдық қасиеттер әр адамның жүрегінен орын алуы керек. Отбасының басты қызметі баланы тәрбиелеу. Отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды. Данышпан Абай атамыз былай дейді «Балаға көбінесе үш алуан түрлі мінез жұғады. Біріншісі ата-анадан, екіншісі – ұстаздан, үшіншісі – құрбысынан». Сондықтан қаншалықты шаршап шалдығып жүрсе де ата-ана отбасы тәрбиесіне аса маңызды көңіл бөлу керек. Отбасының ең маңызды қызметтерінің бірі – тәрбиелеушілік міндеті, оны қоғамдық тәрбиенің ең тиімді деген жүйесі де алмастыра алмайды. Оның негізгісі – баланы өмірге келтіру ғана емес, сонымен бірге оған әлеуметтік-мәдени ортаның құндылығын қабылдаттыру, үлкен ұрпақтың тәрбиесін жас ұрпаққа жеткізу, бойына сіңірту, яғни балаларын өздерін қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат етіп өсіру әкешінің ең маңызды міндеті. Отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды. Бұған баланың қажеттігін толық қанағаттандыру, оны дене және ой еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге, адал болуға тәрбиелеу, жақсылықты үйретуге, жамандықтан жиренуге үйрету, бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады.

Ата-ананың, басқа да отбасы мүшелерінің өмір сүру тәжірибесі, жүріс-тұрысы, өз міндеттерін таза атқару, бір-бірін құрметтеп сыйлауы – бәрі де үлкен мектеп, тәрбиелік мәселе. Отбасынан тыс та тәрбие бар. Қазақ «Ұлың өссе, ұлы жақсымен, қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас, көршілес бол», - дейді. Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі

дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді.

Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды.

Әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы сол халық отбасы тәрбиесінің де өзіне ғана тән мәдени құндылықтары қалыптасады.

Қазақ отбасы тәрбиесінің өзіне тән ерекшеліктері оның халықтық педагогика мұраларының мазмұны мен түрлерінде бейнеленген. Көне заманнан-ақ қазақ халқында жазбаша педагогикалық еңбек жазып қалдырмаса да білгір педагогтар, тәрбиешілер, ұстаздар болған. Олар өз көзқарастары мен әрекеттерінде белгілі бір дәстүрлі дүниетанымды ұстанып, халықтың мұраттары мен арман тілектеріне сүйеніп отырған.

Қазақ отбасында дене, еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, құқықтық, сұлулық тәрбиелері жүргізілген. Қазақ отбасында аталған тәрбие түрлерін жүзеге асырудың мақсаты жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу болды. Отбасындағы дене тәрбиесінің мақсаты бала денесін дамыту, денсаулығын нығайту, ағзасын шынықтыру және күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға, салауатты өмір салтына тәрбиелеу болды.

Қазақ халқы еңбекті бүкіл тәрбие жүйесінің күретаыры деп қарастырды. Еңбекке асыл мұрат деңгейінде қарады. Еңбек тәрбиесі деп баланы еңбекке сүйіспеншілікпен, еңбек адамдарына құрметпен қарауға, халық шаруашылығының салаларындағы еңбек түрлеріне баулу, еңбек іс – әрекетінің барысында олардың дағдысы мен іскерлігін қалыптастыру, болашаққа мамандық тандауға дайындауды түсінді. Отбасында еңбекке тәрбиелеу, баулу мен кәсіптік бағдар беру баланың қоғамға пайдалы, өнімді еңбекке тікелей қатысуы оқуға деген сапалы көзқарасты тәрбиелеудің, жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады. Қазақ отбасы баланы қоғамның моральдық нормасын орындауға қатыстыру, олардың тәртіп және мінез құлық тәжірибесін қалыптастыру, Отанға, халқына, еңбек және қоғамдық іс-әрекетке жауапкершілік сезімін тәрбиелеу арқылы адамгершілікке тәрбиелей білді.

Қазақ халқы адамның сұлулық сезімдерінің тұлға өмірінде зор рөл атқаратынын жете түсінген. Әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытады және өнер деп білген. Қазақ отбасындағы сұлулық тәрбиесінің мақсаты баланы көркемдік пен сұлулықты тануға, оған баға беруге, күнделікті өмірдегі адамның жеке басының, қатынас, үй-жағдай және

киім-кешек мәдениетін, сыртқы мәдениеті мен ішкі дүниесінің ұштасуының қалыптастыру және талғампаздыққа тәрбиелеуді көздеді.

Қазақ отбасында баланың ерте есеюіне көп көңіл бөлген. Оны жүзеге асыруда олар үлгі-өнеге көрсету, жауапкершілікке арту әдістерін шебер пайдаланған. Баланы ерте жастан-ақ жауапты іс-әрекетке тартып отырған. Мысалы, бес жасында атқа мінгізіп, бәйгеге қосу, қозы баққызу, үлкендердің арасындағы дауды шешу, келіссөз жүргізу т.с.с. істерге бірге ертіп жүрген. Сондай-ақ қазақ отбасы тәрбиесінде ғасырлар бойы қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан отбасы мүшелерінің қатынасының маңызы зор. Қазақ халқының отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән жарасымдылықтың бір ұшы олардың жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемей, алдын кесіп өтпей, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемейінде деп есептемейміз. Және қазақ отбасындағы бала тәрбиесін ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесі деп жеке- жеке мән беріп қарастыруда оның өзіндік ерекшеліктерінің ішіндегі маңыздысының бірі.

Өзімнің отбасым жайлы айтар болсам. Менің отбасым өте бақытты жанұя. Мен өз отбасымды мақтан тұтамын әрі өз отбасымды мақтанумен құрбы –құрдастарыма айтып отырамын. Бізді әкеміз оң жақтан, анамыз сол жақтан құлағымызға ақыл беріп тәрбилеп отырады. Менің ата-анам сырттай қатал болғанымен іштей жұмсақ. Әкем мен анамды қатты жақсы көремін.

Менің отбасымда алты адам бар. Олар: асқар тау әкем, аяулы анам өзім, өзімнің сүйікті екі қарындасым, ақылды інім бар. Мен қолым бос кезімде отбасыма қолбағыс етемін. Маған әкем бір күні былай деп ақыл айтты- Дүйсенбай сен мектепті беске оқысаң артынан ерген бөпелерің саған қарап сені үлгі тұтып жақсы оқиды. Сондықтан менің бөпелерім өзім сияқты жақсы оқиды. Біздің бұндай жетістіктеріміз ата-аналарымыздың арқасы. Менің ата –анам мені биік шыңдардан көрінгенімді қалайды. Мен ата-анамның армандарын орындауға тырысамын.

Мен ойлаймын барлық Қазақстандық балалардың отбасылары менікі секілді жақсы, әрі мақтанарлық болса деймін Олай болса барлық баланың жүзінен ешқашан күлкі кетпес еді. Әлемде бізден басқа бақытты балалар болмас еді.

Мен осы бақытты және қуанышты күндерімді барлық балаларға тілеймін.

Отбасы – адамның өте маңызды, өте жауапты жан ұясы, себебі отбасы адамға бақыт, толық мәнді тыныс-тіршілік әкеледі. Отбасы қоғамдық құрылымның кіші тобы, алғашқы ұясы. Қоғамның негізгі мақсаты – адамдарды бақытты ету, ал мұның өзі терезесі тең, берік отбасына байланысты.